



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

3. Ибрагимов Ж.И. Историко-правовая взаимосвязь института медиации с судом // Состояние и перспективы развития института медиации в условиях социальной модернизации Казахстана: материалы международной научно-практической конференции.-Астана, 2012. С. 131-139.
4. Құрбанғали Х. Тауарих хамса: бес тарих-Алматы: Қазақстан, 1992. С. 304.
5. Кенжалиев З.Ж. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы сот билігі //Қазақтың Ата Заңдары. т. 2, Алматы, 2004. С. 672.

УДК 94(574)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАСТАР САЯСАТЫ АРНАЙЫ ИНСТИТУТ РЕТІНДЕ

Абиев Еркебұлан Мұратұлы

abiev_erkebulan@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, тарих факультетінің магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А. Мұсағалиева

Мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру мен жүзеге сырудың негізгі принциптері заманауи талаптарға сәйкес қалыптасқаны және әрдайым сатылы түрде дамығаны рас. Қазіргі қоғамға сай жастар саясатының тұжырымдамаларының әлемдік деңгейде теоремалары дамуы, уақыт талабы. Әр елдің негізгі тірегі әрі болашағы жастар болуы, сәйкесінше олардың белсенділігін артырудың механизмдерін дамытуға әрекет жасауы, қажеттілік болып қалыптасты. Жалпы еліміздің жастар саясатын қалыптастырып жастардың бойында отаншылдық сезімді нық орнықтыру үшін, заманауи қалыптасқан тұжырымдамаларды саралап, қазақ жастарына сай тұжырымдама жасау керектігі анық.

Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа белсене интеграциялануы тұрғысында тиісті үкіметтік және үкіметтік емес құрылымдардың жастармен шұғылданатын халықаралық ұйымдардың, ең алдымен БҰҰ бөлімшелерінің қызметіне тұрақты қатысуы, 1992 жылғы 2 наурызда БҰҰ ға кіруі, Республиканың дипломатиялық қызметінің БҰҰ мен және оның ұйымдарының байланыстарды нығайтып отыруға жол ашқаны рас.

Қазіргі ғаламдық деңгейде жастарға бағытталған арнайы саясат жүргізу тәжірибесі халықаралық қауымдастық тарапынан 1950-60 жылдардан бастау алатынын атап өткен жөн. Мәселен, БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 1995 жылдың 14 желтоқсан айында «Жастарға қатысты іс-әрекет жасаудың дүниежүзілік бағдарламасы» қабылданады. Сонымен бірге, БҰҰ-ның 2000 жылдың 20 қаңтарындағы қарарына сәйкес, «Жастар саясаты мен жастар бағдарламалары жөнінде Лиссабон мәлімдемесі» қабылданған болатын. Аталған халықаралық құжаттардың барлығы жастардың қоғамдық өмірдің алуан салаларында рөлін күшейтуге бағытталған еді. Ұлттық деңгейде мемлекеттік жастар саясатының жүйелі заңнамалық тұғырын қалыптастыру, жастар саясатының институттарын жетілдіру және осы саладағы министрліктердің салааралық үйлестірілуін қамтамасыз ету шаралары қолға алынған болатын. Осыған байланысты,

жастардың қоғамдық-саяси процестерге толыққанды қатысуы, әлбетте, мемлекет пен қоғамның дамуы үшін, жалпы алғанда, маңызды болады. Сонымен қатар, жастардың құрылымы жағынан халықтың күрделі әлеуметтік-демографиялық тобын құрайтынына жіті назар аудару қажет. Осы тұғыдан алғанда, жастар әртүрлі мүдделері мен қажеттіліктері бар алуан әлеуметтік топтардың жиынтығы. Алайда қоғамдық-саяси үдерістердің даму бағыты әрқашанда барлық әлеуметтік топтардың, соның ішінде, жастардың мүдделеріне сай келе бермейді. Ол саяси процестердің күрделі әрі динамикалық сипатта болуымен түсіндіріледі. Сондықтан мемлекеттің тұрлаулы дамуы мен мүмкін соқпақтарды болдырмауды қамтамасыз ету үшін жастардың қоғамдық-саяси процестердегі іс-әрекетін реттеу керек. Осылайша, жастардың саяси өмірдегі маңызы мен ролін арттыру қажеттігі туралы мәселенің осы мазмұнда қойылуын, біздің ойымызша, дұрыс емес. Осы орайда, жастардың бірізді әрі ептеп қоғамдық-саяси салаға тартылуы орасан зор маңызды деп есептейміз. Өйткені, жастардың саясатқа араласуы белгілі бір дәрежедегі жастардың алдын-ала шындалуын талап етеді. Өз кезегінде, жастарды қоғамдық-саяси өмірге дайындау мемлекеттің жастар саясатына байланысты болып тұр. Қазір мемлекеттік жастар саясаты қоғамның стратегиялық әлеуеттерін дамытудың бірден бір басымдығы ретінде қарастырылады. Сол арқылы жастардың әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне белсене араласуына қажетті жағдай жасалынады. Мемлекеттік жастар саясатының жай-күйі нормативтік-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастырушылық шаралардың қолдануынан туындаған үрдістердің дамуымен сипатталғанын атап өту қажет.

Осыған орай, мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру мен іске асыру кезінде бұл саланың дамуының белгілі бір үрдістері айқындалған. Солардың ішінде төмендегідей негізгі үрдістерді айрықша белгілеуге болады:

- мемлекеттік жастар саясатының заңнамалық негізінің қалыптасуы;
- мемлекеттік жастар саясатының институттарының қалыптасуы.

Біріншісі. Мемлекеттік жастар саясатының заңнамалық негізінің қалыптасуы. 1991 жылдың маусым айында «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақ КСР-нің Заңы қабылданып, мемлекет жастарға бағытталған арнайы саясат жүргізе бастады. Алайда, еліміздің мемлекеттік тәуелсіздік пен ұлттық егемендікке қол жетуі, әлеуметтік-экономикалық бағыттың өзгеруі мен қоғамдық-саяси трансформация аталған Заңның бірқатар баптарының қолданыстағы Ата Заңымызбен және қазіргі заңнамамен қарама-қайшы болуына әкелді. Бұл, өз кезегінде, осы Заңның негізгі қағидаларының күшін жойып, ел жастарының қиындықтарының көптеп қордалануына әкеп соқты.

Қазіргі таңда мемлекет «тұжырымдама –заң – бағдарлама» қисынына сай жастар саясатын дамыту мен реттеудің толыққанды заңгерлік тұғырын қалыптастырып жатыр. Атап өтсек, 1999 жылдың 28 тамызында Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасының қабылдануы мемлекеттің республиканың жас азаматтарына қатысты жүйелі саясат жүргізе бастауын білдірді. Бұл құжат осы саладағы болашақ заңның концептуалдық негіздері мен идеологиясын айқындауға мүмкіншілік жасады. Алайда жастар саясатын қалыптастыру мен жүзеге асырудың нақтырақ тетіктерін 2004 жылдың 7 шілдесінде қабылданған «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңы анықтады. Сонымен бірге, жастар саясатын іске асырудың іс жүзіндегі тетіктері мемлекеттік және өңірлік деңгейде әзірленетін қысқа мерзімді бағдарламаларында көрінісін табады. Қолданыстағы Жастар саясатының бағдарламасы 2005 жылдың 18 шілдесінде бекітілген. Осылайша, жастар саясаты саласындағы нормативтік-құқықтық базаның қалыптасу процесі, жалпы алғанда, бітуге таяу қалды, бірақ, оны дер кезінде қоғамдық-саяси шындыққа сәйкес жетілдірі тұру мәселесі туындап отыр.

Екіншісі. Мемлекеттік жастар саясатының институттарының қалыптасуы. Жалпы алғанда, бұл процесс қос бағытта дамыды: құзырлы мемлекеттік органдардың қалыптасуы және жастармен төте жұмыс жасайтын мекемелер мен жастар ұйымдары. Мемлекеттік деңгейде жастар саясатын Білім және Ғылым Министрлігінің құрамына кіретін Жастар

саясаты департаменті жүзеге асырады. Өңірлерде кейбір Ішкі саясат департаменттерінде жастар саясаты бірыңғай бөлімдері қызмет жасайды, алайда кейбір облыстарда жастар саясатын іске асыру функциялары бірнеше бөлімдерге үлестірілген. Жастар саясаты саласындағы маңызды мәселелер бойынша ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жастар істері жөніндегі кеңесі әзірлейді. Сонымен бірге, облыстық әкімдіктер жанынан жастар жобаларын қаржыландырудың әртүрлі институттары, соның ішінде, жастар саясатын дамыту қорлары, жастар бағдарламалары мен бастамалары орталықтары құрылған. Есесіне, өңірлерде жастарға негізінен кеңес беруге арналаған әлеуметтік қызметтер қалыптастыру жұмысы қолға алына бастады. Жоғарғы оқу орындарында жастар істері жөніндегі комитеттер қызмет жасайды. Жастар саясатын жүзеге асыруда Қазақстан жастарының конгресі маңызды орын алады. Себебі, ол көптеген жастар мен балаларға арналған ұйымдарды біріктіріп, олардың жұмысын үйлестіреді. Студенттер мен жастардың жұмысшы жасақтарын қоғамға маңызды жұмыстарға тарту дәстүрін қайта жаңғырту дұрыс шешім болды. Сол арқылы мемлекет пен қоғам жастарды жұмыспен қамту мен еңбекқорлыққа баулу сияқты бірқатар өзекті мәселелерді шешуге септігін тигізді. Аталмыш институттар жастармен тікелей жұмыс жасайтын болғандықтан, олардың тиімділігі, жалпы, мемлекеттік жастар саясатының нәтижелерін анықтайды [1, 1 б].

Мемлекеттің көбінесе жастармен қарым-қатынасы басқа елдердегідей, жастар мәселесінің спецификалық шешімі қоғамның саяси-әлеуметтік құрылымдарымен ерекшеленетіні белгілі. Сондықтан да Қазақстандағы мемлекеттік жастар саясатының қалыптасу және іске асу ерекшеліктерін осы салаға ретроспективті талдау жасау арқылы көре аламыз.

Жастармен жұмыс істеу барысында комсомол саяси-әлеуметтік жүйенің барлық саласында өте жоғары тәжірибе жинақтағанын атап өтуіміз қажет. Жасөспірімдерді патриотизмге, еңбекке, әдептілікке, дене даярлығына тәрбиелейтін кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесі мүлтіксіз жұмыс істеді. Комсомолдың тарихи тәжірибесі мен нақты іс-әрекеті оның кеңестік қоғамдағы орны мен маңызын айқындап, жалпы алғанда жастардың рухани дамуын қанағаттандырды деп айтсақ қателеспейміз. Студенттік құрылыс отрядтарын, оқушылардың өндірістік бригадаларын, жоғары кластардың еңбек және демалыс лагерлерін; «Золотая шайба», «Кожанный мяч», «Белая ладья» спорттық клубтарын; «Студент және ғылыми-техникалық прогресс» конкурстарын; қоғамдық мамандықтар факультеттерін; жас жазушылардың, композиторлардың, кинематографтар мен басқалардың отырыстарын; мәдениет, ғылым, техника, өндіріс және өзге де салаларда еңбек ететін жастарға сыйақы тағайындау сияқты тиімді түрлерін комсомолдың пайдалы жұмысы деп атауға толық негіз бар.

Жоғарыда көрсетілгендердің барлығы бір мақсатты – жас патриоттар буынын қалыптастыру, балалар мен жастарды шығармашылық еңбекке және Отанды қорғауға, өз елінің тарихы мен мәдениетіне шынайы сезімін тәрбиелеуді көздегені рас. Мысалы, тек осы жастардың араласуымен ел ішінде жаңа қалалар, энергетикалық, әскери-өндірістік комплекстер құрылды, тың игерілді. Сондықтан бүгінгі жастардың патриоттық тәрбиесіне комсомол тәжірибесінің берері мол деп есептейміз.

Жалпы комсомолдың жастар тәрбиесіндегі орны мен маңызы туралы айтқанда, оның іс-әрекетінің біржақты болмағанын атап өтуіміз керек. Ол көбінесе мынадай факторлармен, яғни комсомолдың барлық іс-әрекетінің негізінде саясаттандыру және идеологизациялау жатқандығымен, жастарды демографиялық-әлеуметтік топ ретінде қатаң бақылауда ұстауымен ерекшеленді.

Сондықтан 1980 жылдардың аяғында комсомолда келесі қарама-қайшылықтар туындады:

– орталық бас ұйым және одақшыл басқарма арасындағы кейбір мәселелер бойынша келіспеушіліктің жиілеуі;

- одақ мүшелерінің санының артуы, ұйымды басқару механизмдеріндегі олқылықтар;
- ұйымның ішкі құрылымындағы бюрократиялық құбылыстың өршуі;
- ұйым жұмысындағы өз бетінше әрекет ету механизмдерінің болмауы.

Дегенмен, комсомолдың саясатындағы жағымсыз тұстар оның жалпы оңды іс-әрекетін өзгерте алмайды. Сондықтан да осыны мойындай отырып және де қазіргі Қазақстанның даму ерекшелігін ескере отырып, комсомол мен пионер ұйымдарының көптеген тиімді бағыттарын, түрлерін, әдіс-тәсілдерін, жұмыс істеу механизмін қайта құру қажет.

Бүгінгі таңда Елбасының қолдауымен мемлекеттік жастар саясаты концепциясы бекітіліп, барлық облыстарда жастар саясаты бағдарламасы қабылданып, үкіметте және жергілікті басқару органдарының ішінен жастар ісі бөлімі ашылып, жұмыс істеуде. Мәселен, осындай бағытта бекітілген «Қазақстан жастары – 2009» бағдарламасы жеті бағытты қамтыған:

- жастардың еркіндігі мен құқығын қорғау;
- жас азаматтардың жан-жақты білімі мен тәрбиесі;
- әлеуметтік-экономикалық қолдау мен қамтамасыз ету;
- жастардың денсаулығын қорғау;
- жастардың адамгершілік-мәдени және рухани қалыптасуы;
- жас отбасыларды қолдау;
- жастар саясатының инфраструктурасын дамыту.

Қазіргі таңда мемлекеттік грант пен кредиттің санын екі есеге дейін өсіру мен студенттік стипендияны ең аз жалақының деңгейіне көтеру ұсынысы өте өзекті де қажетті мәселе болып отыр. Сонымен бірге жастар арасындағы кәсіпкерлікті дамытуда кредиттік және салықтық жеңілдіктер беру күн тәртібіндегі мәселе екені рас.

Соңғы уақыттағы қабылданған «Жастар туралы» заң жастар ұйымдарының пікірінше қордаланған жастар мәселесін шешуге және олардың білім, медицина, еңбек нарығындағы қызығушылықтарын қорғауға ат салысады.

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың ойынша «қазіргі таңда жаңа буын өкілдері жоғары интеллектуалды, энергияға толы күші мен талпынысын көрсетуде. Жастар еліміздегі реформалардың тірегі мен қозғаушы күшіне айналуға». Әрине республикамыздағы әр үшінші адам жастар қатарында болса, олардың қоғамда ықпалды топ екендігін аңғару қиын емес.

Сол себептен Қазақстан жастарының жалпы жай-күйі билік жанынан құрылған жастар ісі бойынша арнайы органдардың бақылауында болуы орынды. Қоғамның, мемлекеттік құрылымның, өкілеттік өкімет органдарының назарын жастар проблемасына аударуының бірден бір айғағы – Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігі құрамынан арнайы Жастар саясаты департаментінің құрылуы болды.

Үкімет жанынан құрылған осы уәкілеттік органда қоғамымыздың көптеген әлеуметтік, бірінші кезекте өспірімдер мен жастардың мүддесі мен құқығын қорғауға қатысты проблемаларды шешуде балалар, жастар және басқа да үкіметтік емес ұйымдарды тарту бойынша мақсатты жұмыстар жүргізілуде. Мұндай жұмыстың бетке ұстары ретінде „Қазақстанның болашағы үшін” республикалық жастар қозғалысының жемісті еңбегін көсетуге болады.

Қазіргі таңда жастар саясаты бойынша әрекеттердің белгілі бір типтегі жүзеге асыруын қамтамасыз ету үшін конструктивтік нақтыланған құжаттар болуы өзіндік қажеттілікке ие. Салыстырмалы түрде жастар саясатының жаңашыл моделін Ресейдің тұжырымдамалық негізде жүргізген саясатқа меңзеуге болады. Ресейде мемлекеттік жастар саясатына қатысты құжаттарды жүйелеу мен жариялауда жоғары тәжірибие жинақталғаны анық. Мәселен, 1992 жылы Қазақстан Республикасының жоғарғы кеңесінің жастар істері жөніндегі комитеті «Қазақ КСР ындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңға қосымша ретінде «Жастардың өндірістік қарекетінің ерекшеліктері мен сипатын реттейтін және ескеретін, азаматтардың осы санаты үшін қосымша жеңілдіктер, кепілдіктер қамтылған нормативтік актілер жинағын» оқырман қоғамға қажетті шағын кітпаша ретінде ұсынылған. Бұл кітапта «Халықты жұмыспен

қамту туралы», «Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдік азаматтардан және азаматтығы жоқ тұлғалардан алынатын табыс салығы туралы», «Кәсіпорындардан, бірлестіктер мен ұйымдардан алынатын салықтар туралы», «Қазақстан Республикасындағы мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы» және «Қазақстан Республикасында ауылды және агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың басымдылығы туралы» заңының үзінділері берілген. «Қазақстан Республикасында отбасын, ана мен баланы қорғауды заңнамалық қамтамасыз ету» атты парламенттік тыңдауларды дайындау және өткізу жөніндегі жқмыс тобының тапсыруымен сәйкес құрастырылған, балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтары актілердің «Қазақстандағы бала құқығы» жинағы назар аудартады. Бұл жинақ қазақ және орыс тілдерінде шықты. Сонымен қатар 2004-2008 жылдардағы жастар мәселелсіне байланысты өзекті құжаттар жинағы ҚР БҒМ тапсырысымен «Жастар саясаты саласындағы нормативтік құқықтық актілер» жинағы үлкен маңызыдылыққа ие болды [2, 3-11 б].

Қортындылай келе елімізде жастарға және жастар саясатына арналған бағдарламалар өзіндік бағаға ие болды. Қазақстан жастар тәуелсіздікке ие болған уақыттан бері заманауи кейпінде өмір сүріп жатқаны белгілі. Бұл жас ұрпақтың елдің тарихына, оның даму перспективаларына, аға ұлпаға деген көзқарасты қалыптастыруға тікелей әсер ететіні анық. Тәуелсіздік құрдастары, жалпы жастар мемлекет тарихының кеңістік кезеңі іс жүзінде болашаққа деген үміттерін нақ қазіргі мемлекетпен байланыстыра отырып, қазіргі заманғы жағдайда өмір сүруге үйренуде. Қазіргі маңыздылыққа ие «Патриотизм» деген сөз өскелең ұрпақпен жүргізілетін жұмыста өзінің лайықты орнын алуы біз үшін қажеттілік іспетті. «Жастар арасында этносаралық келісім мен патриотизм құндылықтарын табанды түрде орнықтыру, экстремизм мен ұлтшылдыққа, заң бұзушылық пен қылмыскерлікке қарсы негізгі иммунитетті қалыптастыру керек», - Н.Ә. Назарбаев ХДП «Нұр Отан» кезектен тыс XII съезі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <http://kisi.kz/>
2. О Концепции международного сотрудничества. Постановление коллегии комитета Российской Федерации по делам молодежи. 30 сентября 1993 г. Концепция международного молодежного сотрудничества // Молодежная политика. Информационная бюллетень. №51-53. М: Институт молодежи, 1994. 114 с.

УДК 94 (574)

1920-1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЗАҚ АҒARTУ ИНСТИТУТЫ

Азирбекова Аманкуль Жорабековна

azirbek.amanda@mail.ru

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

«Қазақстан тарихы» кафедрасының

аға оқытушысы, тарих магистрі, Қызылорда, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - М.Ансатова

Аңдатпа. XX ғасырдың 20-30 жылдар Қазақстан тарихындағы қайғылы кезеңдердің бірі болып саналады. Дәл осы күрделі кезеңде еліміздегі білім беру, ағарту және мәдени даму жұмыстары Халық Ағарту Комиссариатының құзырында болды. Комиссариат жұмысы Кеңестік мәдени саясатында басты орын алды. Республикадағы барлық мәдени және саяси-ағарту жұмысты анықтайтын және бағыттайтын орталық мекеме болып саналды.